Аннотация. Основным отходом электротермического производства желтого фосфора является высокотоксичный печной газ, содержащий 95% CO, 8% N₂, 2% O₂ и 0,3-4% фосфина (PH₃), желтого фосфора (P₄) и сероводорода (H₂S). Фосфин обязательно необходимо обезвреживать. Цель исследования - изучение электрохимических свойств фосфина в нейтральной (сульфат натрия) и щелочной (гидроксида натрия) средах и разработка электрохимических способов переработки фосфинсодержащих отходов фосфорного производства. Электрохимические исследования проводились методами снятия циклических анодно-катодных и анодных потенциодинамических поляризационных кривых и электролиза в гальваностатических условиях. Механизм анодного окисления фосфина изучали путем снятия циклических анодно-катодных и анодных потенциодинамических поляризационных кривых с помощью потенциостата/гальваностата Electrochemical Workstation Corrtest Instruments. Результаты исследования показывают, что на платиновом электроде в растворе сульфата натрия максимум окисления фосфина отчетливо наблюдается при потенциале около +0,73В. В растворе гидроксида натрия на платиновом электроде максимум анодного окисления фосфина наблюдается в виде слабого плоского максимума в диапазоне около +0,03 В. Это можно объяснить постепенной пассивацией поверхности электрода и адсорбцией фосфина на поверхности электрода. Волна окисления фосфина на медном электроде не наблюдается вплоть до потенциала перенапряжения выделения кислорода, однако результаты электролиза показывают, что окисление фосфина протекает с образованием фосфида меди (I). Изучено влияние плотности тока, концентрации электролита и толщины слоя кусковых свинцовых электродов на степень окисления и выход по току окисления фосфина. Определены оптимальные условия анодного окисления фосфина на кусковых свинцовых электродах в растворе сульфата натрия, при этом выход по току и степень окисления фосфина составляют 69% и 72% соответственно. Полученные результаты исследований могут быть использованы при очистке фосфинсодержащих отходов фосфорного производства.

Ключевые слова: фосфин, вольтамперометрические измерения, электролиз, кусковые электроды, выход по току, степень окисления

Кіріспе. Фосфиннің түзілу көздері - шихта компоненттерімен бірге түсетін су, кокс және электродта түзілетін заттардың ұшқыш қосылыстары болып табылады. Дегенмен, фосфиннің түзілу жағдайы мен механизмдері әлі зерттелуде. Фосфин – өлімге әкелетін метаболикалық токсин, оның әсер ету механизмі аэробты тыныс алуға байланысты тотығу стрессін қамтиды. Фосфин газын жәндік-зиянкестерден тамақты қорғау үшін фумигант ретінде қолданылады (Saad, et al., 2024; Fluck, 2006; Musshoff, et al., 2008). Фосфиннің максималды концентрациясы фосфор өндірісінде фосфор-калий тыңайтқышын өндіруде байқалады (Справочник, 2021). Бүгінгі таңда фосфорлы-калийлі тыңайтқыштар өндірісінде өнеркәсіптік шығарындыларды тазарту үшін шаң тазартқыш қондырғылар қолданылады, бірақ газды толық жоюды қамтамасыз етпей отыр. Қалдық газдардағы фосфин концентрациясын төмендету үшін газ тазарту қондырғыларын жаңарту қажет.

Пайдаланылған газдарды фосфиннен тазартудың қолданыстағы химиялық әдістері құрамында әртүрлі хлордыңоттекті қосылыстары (H_2SO_4 , $HClO$, $KMnO_4$, H_2O_2 , $NaClO$, $NaClO_3$), марганец асқын тотығы, еріген озонмен фосфор қышқылы және т.б. негізделген. Бұл шешімдер практикалық қолдану үшін пайдаланылмайды, себебі олар қалпына келтірілмейді және жұмыс істегеннен кейін ауыстырылмайды (Труды ИОКЭ, 1980; Дорфман, et al., 1991; Полимбетова, 2016; Ibrahimova, et al., 2021). Каталитикалық тотығу әдісінде катализатор ретінде (Cotton, 1977; Naack, 1988) толтырғыштарға жүктелген белсенді металдар қолданылады. PH_3 пайдаланылған газдағы оттегінің іздері арқылы таңдамалы және каталитикалық тотығуы, содан кейін катализаторлар (Honghong, 2011; Yang, et al., 2010) бетінде адсорбциялануы мүмкін. Дегенмен, барлық тәсілдердің ұқсас кемшіліктері, атап айтқанда, екіншілік ластану, жоғары капиталды шығындар, пайдалану шығындары және техникалық мәселелері бар.

Фосфор гидридтері - фосфин PH_3 , дифосфин P_2H_4 және бірқатар қатты гидридтері P_4H_2 белгілі, олардың ішінде соңғысы толық зерттелмеген (Osadchenko, et al., 1969, 2005). Фосфин күшті тотықсыздандырғыш және теріс потенциалға ие. Термодинамикалық тұрғыдан, фосфин «минус» 0,063 В потенциал аймағында элементті фосфор мен фосфат иондарына дейін тотықтыруға болады (Астахов, et al., 1981). Сондай-ақ, фосфинді ылғалды жоюдың электрохимиялық тәсілін ұсынған (Qu, et al., 2015), яғни фосфинді жою үшін Ti/SnO_2 анодын қолданып электрохимиялық тотығудың белгілі бір әсер ететіндігін анықтаған. Процеске бірқатар параметрлердің әсерін зерттеп, реакция өнімдерін талдау фосфин ерітіндідегі бірегей иондық өнім болып табылатын фосфат-иондарына дейін тотыққандығын көрсеткен.

Әдетте газдарды электрохимиялық тотықтыру немесе тотықсыздандыру мүмкін емес деп саналады, осыған байланысты әдебиетте мұндай процестер туралы іс жүзінде ақпарат жоқ; Біздің зерттеулеріміз газ тәрізді қосылыстар электродтық процестерге олардың бөлшектерінің электрод бетімен тікелей соқтығысуы немесе еру сатысы арқылы қатыса алатынын көрсетті (Tukibayeva, et al., 2023). Біздің тәжірибелеріміз көрсеткендей, фосфин газын электролизердің анодтық кеңістігінен өткізгенде оның тотығуы жеткілікті жоғары ток бойынша

шығыммен жүреді. Бұл кезде қоршаған ортаға қауіпті емес фосфор қосылыстары алынады. Оның үстіне халық шаруашылығының әртүрлі салаларында кеңінен қолданылатын құрамында фосфоры бар өнімдерді алуға болады. Алынған білім мен мәліметті әртүрлі өнеркәсіптік кәсіпорындарда түзілетін басқа газтәрізді заттарды бейтараптандыруға да қолдануға болады, сондықтан фосфиннің электрохимиялық қасиетін зерттеудің теориялық және практикалық маңызы бар. Фосфинді залалсыздандыру әдістерінің жетіспеушілігіне байланысты фосфиннің тотығын электрохимиялық әдістермен зерттеу, перспективті болуы мүмкін, өйткені ол химиялық реагенттерді және қарапайым жабдықты аз қолдануды қажет етеді.

Бұған дейінгі зерттеулерімізде фосфинді бейтараптандыру және бағалы фосфор қосылыстарын алу үшін оны анодты тотықтыру әдісі жасалған. Әдістің жаңалығы Қазақстан Республикасының патентімен қорғалған ((Тукибаева, et al., 2024). Электролизердің анодты кеңістігіндегі газ тәрізді заттарды тотықтырудың жаңа әдісін күкіртсутек пен күкірт диоксиді сияқты басқа заттарды бейтараптандыру үшін де қолдануға болатынын атап өтеміз. Осыған орай, ұсынылып отырған жұмыстың мақсаты — сулы ерітінділердегі фосфиннің электрохимиялық қасиетін зерттей отырып, оны бейтараптандырудың электрохимиялық тәсілін жасау және экологиялық таза фосфор қосылыстарын алу және жетілдіру болып табылады. Осыған байланысты бейтарап және сілтілі ерітінділердегі әртүрлі электрод материалдарындағы фосфиннің электрохимиялық қасиетін зерттеу болды. Әдетте, электрохимиялық процестер электродтардың бетінде жүреді, сондықтан фосфиннің әртүрлі электродтарға электрохимиялық қасиеттерін зерттеу өзекті болып табылады.

Поляризация қисықтарын түсіру арқылы газ күйіндегі заттардың электрохимиялық қасиеттерін зерттеу айтарлықтай қиын. Әдетте, оның тотықтырғыштық қасиеттерін тек осы газдарды сулы ерітінділерде еріту арқылы ғана зерттеуге болады. Фосфин – сулы ерітінділерде аз мөлшерде еритін газ, 100 көлем суда 26 көлем газ алады.

Материалдар мен әдістер. Фосфиннің анодты тотығу механизмі бейтарап және сілтілі ерітінділерде Electrochemical Workstation Corrtest Instruments потенциостат/гальваностаты және үш электродты электрохимиялық ұяшықты пайдалану арқылы циклдік анодтық-катодты және анодтық потенциодинамикалық поляризация қисықтарын түсіру көмегімен зерттелді. Құрылғы зерттеу барысында деректерді жинау және талдау үшін пайдаланылған CS Studio6 бағдарламалық құралымен жабдықталған. Негізгі поляризациялық қисықтар 50 мВ/сек потенциал берілу жылдамдығында тіркелді.

Поляризациялық қисықтарды түсіру арқылы фосфиннің электрохимиялық тотығын зерттеу үшін концентрациясы 50 г/л натрий сульфаты және натрий гидроксиді ерітінделерін белгілі көлемдегі (100 мл) фосфин газымен қанықтырады. Реакцияға түспеген фосфин газын бейтараптандыру үшін калий перманганаты ерітіндісі қолданылды.



Электродтарды дайындау. Салыстырмалы электрод қызметін күмісхлорлы

Ag/AgCl ($E=+0,203$ В) және көмекші электрод қызметін платина(99,95%, 3 мм) қолданылды. Зерттеулерде жұмысшы электрод ретінде мыс және платина электродтары таңдалды. Потенциалдардың шамасы күмісхлорлы электродына салыстырылып келтірілді. Поляризациялық қисықтарды түсіру алдында электродтар оксидтік пленкалардан арылу үшін әрдайым егеу құмқағазымен тазаланып, спиртпен, содан соң дистилденген сумен шайылып, фильтр қағазымен сүртіліп отырылды. Вольтамперлік өлшеулер бөлме температурасында жүргізілді.

Электролиз жүргізу. Фосфиннің электрохимиялық қасиеттерін вольтамперлік қисықтар түсіру арқылы зерттеп болғаннан соң, фосфиннің анодты тотығуын гальваностатикалық жағдайда жүргіздік. Зерттеулерге қажетті фосфин газы белгілі реакцияның көмегімен алынды (Osadchenko, et al., 1969, 2005). Тәжірибелер әртүрлі концентрациялы натрий сульфаты ерітінділерінде, көлемі 100 мл электролизерде жүргізілді. Катод ретінде –қорғасын электроды, ал анод ретінде - түйіршікті қорғасын электродтары қолданылды. Электролиз, электрод кеңістіктері бөлінбеген жағдайда жүргізілді, себебі, фосфиннің тотығу реакциясы қайтымсыз.


Нәтижелер мен талқылау. Электрохимиялық процестерде электрод тек қажетті элемент емес, сонымен қатар тотығу-тотықсыздану процесінің толық қатысушысы, көптеген химиялық тотықсыздандырғыштар мен тотықтырғыштарды алмастыратын әмбебап реагенттің бір түрі болып табылады. Электрод материалының табиғаты осы реагенттің қасиеттерін анықтайтын маңызды фактор болып табылады. Бұл фактордың рөлін анықтау үшін біз бейтарап және сілтілі ерітінділердегі фосфиннің электрохимиялық тотығуына электрод материалдарының әсерін зерттедік. Біздің алдыңғы зерттеулерімізде фосфиннің электрохимиялық қасиетін күкіртқышқылды ерітінділерде қорғасын, платина және мыс электродтарында зерттелген болатын (Tukibayeva, et al., 2024). Осыған орай, келесі зерттеулер бейтарап натрий сульфаты ерітіндісінде мыс электродының анодты және анодты-катодты потенциодинамикалық поляризациялық қисықтар түсіру тәсілімен жалғасты.

Құрамында 50 г/л натрий сульфаты бар ерітіндіде мыс электродының тотығу потенциалы оң жаққа қарай ығыстырған мыстың бір- және екі валентті оксидтерін түзе тотығу максимумдары байқалады:




Фосфинмен қанықтырылған натрий сульфаты ерітіндісінде оның тотығу тогы полярограммада байқалмайды, бірақ тотығу максимумдарының мәні төмендейді. Түсірілген поляризациялық қисықтар, фосфин газының тотығу механизмі, газ көбікшелерінің электродпен тікелей соқтығысуы және аз мөлшерде болса да, алдын ала диссоциациялану- еру сатысы арқылы жүреді деп қорытындылауға мүмкіндік береді.

1 және 2-суреттерде анодты және анодты-катодты циклді поляризациялық қисықтар келтірілген.




Сурет 1 –Фосфинмен қанықтырылған натрий сульфаты ерітіндісіндегі мыс электродының анодты потенциодинамикалық поляризациялық қисығы: $[\text{Na}_2\text{SO}_4]$ -50 г/л; потенциалдың берілу жылдамдығы – 50 мВ/с

Мыс электродында фосфиннің электрохимиялық тотығуын зерттеу нәтижелерінен көрініп тұрғандай, оттегінің бөліну потенциалына дейін ешқандай тотығу толқындары байқалмады, сондай-ақ, фосфиннің тотығуы, оттегінің бөліну потенциалымен қатар және жоғары аса кернеулікпен жүретіндігі анықталды.




Сурет 2 – Фосфинмен қанықтырылған натрий сульфаты ерітіндісіндегі мыс электродының анодты-катодты циклді потенциодинамикалық поляризациялық қисығы: $[\text{Na}_2\text{SO}_4]$ -50 г/л; потенциалдың берілу жылдамдығы– 50 мВ/с

Фосфиннің электрохимиялық қасиетін зерттеу, фосфин газымен қанықтырылған натрий сульфаты ерітіндісінде платина электродында жүргізілді. Полярограммадан көрініп тұрғандай, шамамен +0,73В потенциалы шамасында фосфиннің тотығу максимумы айқын байқалады (3-сурет).




Сурет 3 - Фосфинмен қанықтырылған натрий сульфаты ерітіндісіндегі платина электродының анодты потенциодинамикалық поляризациялық қисығы: $[\text{Na}_2\text{SO}_4]$ -50 г/л; потенциалдың берілу жылдамдығы– 50 мВ/с

Натрий гидроксидінің фонды ерітіндісінде платина электродының циклды анодты-катодты поляризациялық қисығында (4-сурет), анод бағытында оттегі газының, ал катод бағытында сутегі газының бөліну токтары ғана байқалады.



Сурет 4 – Натрий гидроксиді ерітіндісіндегі платина электродының анод-катод бағытындағы циклды потенциодинамикалық поляризациялық қисығы: $[\text{NaOH}]$ -50 г/л; потенциалдың берілу жылдамдығы– 50 мВ/с

Ал фосфинмен қанықтырылған натрий гидроксиді ерітіндісінде фосфиннің тотығу тогы шамамен +0,03 В потенциалдар аумағында әлсіз жалпақ максимум түріндегі поляризациялық қисық түрінде тіркеледі (5-сурет).



Сурет 5– Фосфинмен қанықтырылған натрий гидроксиді ерітіндісіндегі платина электродының анодты потенциодинамикалық поляризациялық қисығы: $[\text{NaOH}]$ -50 г/л; потенциалдың берілу жылдамдығы– 50 мВ/с

Поляризациялық қисықтан көрініп тұрғандай, фосфин қатысында оттегінің бөліну потенциалы, платина электродында оң бағытқа (+0,65 В) жылжығаны көрініп отыр.

Сондай-ақ, осыған ұқсас зерттеулер құрамында 50 г/л натрий гидроксиді бар ерітіндіде мыс электродының поляризациялық қисығында тек оттегі газының бөліну тогы байқалады. Ал фосфин газымен қаныққан ерітіндіде оттегі газының бөлінуінің жоғарылауы аса кернеулікпен бөлінетінін байқауға болады. Мұны, электрод бетінің біртіндеп пассивтелуімен және электрод бетіне фосфиннің адсорбциялануымен түсіндіруге болады. Демек, фосфин газымен қанықтырылған натрий гидроксиді ерітіндісінде, электродтарды анодты поляризациялағанда, тотығу процесі қарастырылған электрод материалында жоғары аса кернеулікпен жүреді деп жорамалдаймыз.

Сонымен, фосфин газының бейтарап және сілтілі сулы ерітінділердегі ерігіштігі аз. Сол себепті оның тотығу тогы поляризациялық қисықтарда тікелей максимум түрінде немесе анодтық реакцияларға өз әсерін тигізе отырып, поляризациялық қисықтарда өз көрінісін көрсете алады. Поляризациялық қисықтарды түсіру негізінде мынадай тұжырымға келуге болады: фосфин газын анодты тотықтыру үшін беттік аумағы жоғары түйіршікті электродтарды қолдану қажет. Осы жағдайда ғана фосфин газын анодты тотықтыру процесін жоғары өнімділікпен жүргізуге болады. Осыған орай, келесі зерттеулерімізді гальваностатикалық жағдайда, түйіршікті электродтарды қолдана отырып электролиз тәсілімен жүргіздік. Бұл электродтар меншікті беттік ауданының жоғары болуымен ерекшеленеді. Фосфин газын алу және оны тотықтыру электролизін жүргізу әдістемесі (Tukibayeva, et al., 2023) келтірілген.

Фосфин газын түйіршікті қорғасын электродтарында анодты поляризациялай

отырып, нейтрал ортада тотықтыру, натрий сульфаты ерітіндісінде жүргізілді. Электролизерге жіберілген газ көлемі- 300 мл. Газ ағынының жылдамдығы үш тармақты кран көмегімен реттеліп, электролиз барлық жағдайда 0,5 сағат бойы жүргізілді. Фосфиннің анодты тотығуының ток бойынша шығымына электродтардағы ток тығыздықтарының, электролит концентрацияларының және түйіршікті электродтар қабаты қалыңдықтарының әсерлері қарастырылды.


Фосфиннің тотығу дәрежесі мен тотығуының ток бойынша шығымына электродтағы ток тығыздығы айтарлықтай әсер етеді. Түйіршікті қорғасын электродтарындағы ток тығыздығын 200-1000 А/м²-қа дейін жоғарылатқанда, фосфиннің тотығуының ток бойынша шығымы 58%-дан 34%-ға төмендейді (1-кесте). Тафель теңдеуі ($\Delta a + b \lg i$) бойынша, ток тығыздығының жоғарылауы, анодты поляризация кезінде, электрод потенциалы мәнінің анағұрлым оң мәндер аумағына ығысуына әкеледі, сондықтан ток тығыздығы жоғарылаған сайын қосымша-оттегінің бөліну үлесі жоғарылайды да, фосфиннің тотығуының ток бойынша шығымы мен тотығу дәрежесінің төмендейді:



Кесте 1 - Натрий сульфаты ерітіндісінде фосфиннің тотығу дәрежесіне (1) және тотығуының ток бойынша шығымына (2) ток тығыздығының әсері: $[\text{Na}_2\text{SO}_4]$ - 0,5 моль/л, $V(\text{PH}_3)$ - 300 мл, τ 0.5 сағ., δ - 5 см

i , А/м ²	22	44	600	800	1000
ТШ, %	58	55	48	42	34
n , %	44	58	72	66	59

Натрий сульфаты ерітіндісі концентрациясы өзгерісінің тәуелділігін зерттегенімізде, ерітіндідегі сульфат-иондарының концентрациясын 0.25 моль/л -ден 1.25 моль/л-ге дейін арттырғанда, фосфиннің тотығу дәрежесі және тотығуының ток бойынша шығымы 0.5 моль/л-ге дейінгі аралықта артады, одан ары ерітінді концентрациясын арттыру, фосфиннің тотығу дәрежесі мәнін өзгертпейді, ал ток бойынша шығымның төмендеуі байқалады (6-сурет).



Сурет 6 - Натрий сульфаты ерітіндісі концентрациясының фосфиннің тотығу дәрежесіне (1) және тотығуының ток бойынша шығымына (2) әсері: i - 600 А/м², $V(\text{PH}_3)$ - 300 мл, τ -0.5 сағ., δ -- 5 см

Біздің жағдайымызда, ерітіндідегі сульфат-иондарының концентрациясының артуымен оттегінің бөліну жылдамдығы жоғарылайды, бұл негізгі процесс жылдамдығының төмендеуіне әкеледі:



Түйіршікті электродтардың барлық көлемінде зарядталған бөлшектер болады, осыған орай, осы электродтардың биіктігі де тотығу процесіне үлкен әсерін тигізеді, сондықтан фосфиннің анодты тотығуына электрод қабаты қалыңдығының әсері 1-5 см-ге дейінгі биіктіктерде қарастырылды. Фосфиннің тотығу дәрежесі мен тотығуының ток бойынша шығымына түйіршікті қорғасын электрод қабаты қалыңдығының әсерін зерттегенде, түйіршікті электрод қабаты қалыңдығының биіктігін 5 см-ге дейін арттырғанда, фосфиннің тотығу дәрежесі 77%, ал ток бойынша шығым 4 см биіктікте 68% жетті (2-кесте).

Кесте 2- Натрий сульфаты ерітіндісінде, фосфиннің тотығу дәрежесіне және тотығуының ток бойынша шығымына түйіршікті қорғасын электроды қабаты қалыңдығының әсері: i - 600 А/м², [Na₂SO₄]- 0,5 моль/л, V(PH₃)- 300 мл, τ -1 сағ.

d	1	2	3	4	5
ТШ, %	33	45	57	68	84
п, %	44	49	65	72	77

Біздің ойымызша, электродтар үш өлшемдік жүйеден тұратындықтан, электродтардың беттік аудандары ұлғаюы нәтижесінде электрохимиялық процестер барлық электродтар көлемінің кеңістігіне таралып, тотығу процесі интенсификацияланады де, фосфиннің тотығу процесі артады.

Тиімді жағдайларды қалыптастарғанда, натрий сульфатының ерітіндісінде фосфиннің тотығу дәрежесі және тотығуының ток бойынша шығымы, сәйкесінше 72% және 69% құрайды.

Қорытынды. Фосфиннің анодты тотығу процесі әртүрлі электродтардағы (платина, мыс) тотығу заңдылықтарын анықтау үшін потенциодинамикалық поляризациялық қисықтарын түсіру арқылы зерттелді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мыс электродындағы тотығу толқыны оттегінің бөліну потенциалына дейін байқалмайды, бірақ электролиз нәтижелері фосфиннің мыс фосфидін (I) түзе отырып тотығатындығын көрсетті. Натрий сульфаты мен гидроксиді ерітінділеріндегі платина электродының анодтық поляризациясы кезінде фосфиннің анодтық тотығуына сәйкес әлсіз максимум байқалады. Болашақта электролиз процесін жүргізу кезінде мыс электродтарына қатысты ойларға негізделген оңтайлы электродтарды таңдау қажет.

Гальваностатикалық жағдайда жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, фосфин газының натрий сульфаты ерітінділердегі анодты тотығуы зерттеліп, тотығу процесінің тиімді жағдайлары қалыптастырылды. Дамыған беттік ауданды және электролизді үздіксіз режимде жүргізілуіне байланысты түйіршікті көлемді электродтардың артықшылықтары және бұл ғылыми нәтижелерді фосфин газын тотықтыруда қолдануға болатындығы көрсетілді.

Әдебиеттер

Астахова Р.К., Белустин А.А., Беренблит В.В., Богоявленский А.Ф., Сухотин А.М. (1981) Справочник по электрохимии. Ленинград: Химия. — 478 с.

Дорфман Я.А., Юхт И.М., Левина Л.В., Полимбетова Г.С., Петрова Т.В., Емельянова В.С. (1991) Окисление фосфина и арсина комплексами металлов, свободным и связанным кислородом. Успехи химии. 6(60). — С. 190-1228.

Cotton M.L., Johnson N.D., Wheeland K.G. (1977). Removal of arsine from process emissions. Canadian Metallurgical Quarterly, 16(1). — P. 205-209.

Fluck Ekkehard. (2006) The Chemistry of Phosphine. 10.1007/BFb0051358.

Ibraimova Z.U., Polimbetova G.S., Borangazieva A.K., Itkulova S.S., Boleubaev E.A. (2021) Catalytic purification and ways for utilization of furnace gas of phosphorus production// Reports of the NAS of the Republic of Kazakhstan. Volume 5, No 339. — P. 136 – 143. <https://doi.org/10.32014/2021.2518-1483.92>

Haacke G., Brinen J. S. and Burkhard H. (1988) Arsine Adsorption on Activated Carbon. *J. Electrochem. Soc.* — Vol.135. — No 715 <https://dx.doi.org/10.1149/1.2095729>

Honghong Yi, Qiongfeng Yu, Xiaolong Tang, Ping Ning, Liping Yang, Zhiqing Ye, and Jinghao Song, (2011) Phosphine Adsorption Removal from Yellow Phosphorus Tail Gas over CuO–ZnO–La₂O₃/ Activated Carbon. *Industrial & Engineering Chemistry Research*. 50 (7). — P. 3960-3965 <https://pubs.acs.org/doi/10.1021/ie101622x>

Yang Liping, Yi Honghong, Tang Xiaolong, Ning Ping, Yu Qiongfeng, Ye Zhiqing. (2010) Effect of rare earth addition on Cu-Fe/AC adsorbents for phosphine adsorption from yellow phosphorous tail gas. *Journal of Rare Earths*. Volume 28, Supplement 1. — P. 322-325 [https://doi.org/10.1016/S1002-0721\(10\)60321-3](https://doi.org/10.1016/S1002-0721(10)60321-3)

Комплексные соединения в катализе. (1980) Труды ИОКЭ. Алматы: Наука КазССР. — 144 с.

Musshoff F., Preuss J., Lignitz E., Madea B. (2008) A gas chromatographic analysis of phosphine in biological material in a case of suicide, *Forensic Science International*. — Volume 177. — Issues 2–3. — P. 35-38. ISSN 0379-0738, <https://doi.org/10.1016/j.forsciint.2007.12.007>

Osadchenko M., Tomilov A.P. (1969) Phosphorus Hydrides. *Russ. Chem. Rev.*, 38 (6). — P. 495-504 DOI: <https://doi.org/10.1070/RC1969v038n06ABEH001756>

Полимбетова Г.С., Борангазиева А.К., Абдраимова Р.Р., Акбаева Д.Н., Ибраимова Ж.У., Бугубаева Г.О. (2016) Кинетика и механизм окисления фосфина кислородом в растворах комплексов меди (I,II). *Известия НАН РК. Серия химии и технологии*. 4(418). — С. 42-47

Патент на полезную модель №9354 от 12.07.2024. Способ электрохимического окисления фосфина в кислых растворах. Тукибаева А.С., Башов А., Башова А.К., Исабаев Н.Н., Абжалов Р.С. Бюлл. №28 от 12.07.2024

Справочник по наилучшим доступным техникам производство неорганических химических веществ. (2021). — Астана. — 625 с.

Saad M. Alzahrani, Paul R. Ebert. (2024) Phosphine toxicology and mode of action. *Encyclopedia of Toxicology (Fourth Edition)*: Academic Press. — P. 597-604. ISBN 9780323854344 <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-824315-2.01068-X>.

Qu G., Zhang J., Lin Y., Li J., Ning P. and Yu Y. (2015) Electrochemical method for wet removal of phosphine. *Environ. Prog. Sustainable Energy*. 34. — P.1640-1646. <https://doi.org/10.1002/ep.12169>

Tukibayeva A., Bayeshov A., Abzhalov R., Asylbekova D.D., Yessentayeva A. (2023) The role of copper (II) ions in the process of anodic oxidation of phosphine in an acidic medium. *News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of chemistry and technology*, 3(456). — P. 175-186 <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1491.185>

Tukibayeva A., Bayeshov A., Asylbekova D., Aikozova L. and Yessentayeva A. (2024) Potentiodynamic Polarization Study of PH₃ Electrochemical Oxidation. *Electrochem. Sci. Adv.*, e202400025. <https://doi.org/10.1002/elsa.202400025>

References

Astakhova R.K., Belustin A.A., Berenblit V.V., Bogoyavlensky A.F., Sukhotin A.M. (1981) *Spravochnik po elektrohimii [Handbook of Electrochemistry]*. Leningrad: Chemistry, 478 p. (in Russian)

Dorfman Ya.A., Yukht I.M., Levina L.V., Polimbetova G.S., Petrova T.V., Emelyanova V.S. (1991)

Okislenie fosfina i arsina kompleksami metallov, svobodnym i svyazannym kislorodom [Oxidation of phosphine and arsine by metal complexes, free and bound oxygen]. *Uspekhi Chem.* 6(60). — P. 190-1228. (in Russian)

Cotton, M. L., Johnson, N. D., Wheeland, K. G. (1977). Removal of arsine from process emissions. *Canadian Metallurgical Quarterly*, 16(1). — P. 205-209 (in English)

Fluck Ekkehard. (2006) *The Chemistry of Phosphine*. 10.1007/BFb0051358. (in English)

Ibraimova Z.U., Polimbetova G.S., Borangazieva A.K., Itkulova S.S., Boleubaev E.A. (2021) Catalytic purification and ways for utilization of furnace gas of phosphorus production// Reports of the NAS of the Republic of Kazakhstan. — Volume 5. — No 339. — P. 136-143. <https://doi.org/10.32014/2021.2518-1483.92> (in English)

Haacke G., Brinen J. S. and Burkhard H. (1988) Arsine Adsorption on Activated Carbon. *J. Electrochem. — Soc.* — Vol.135. — No 715 <https://dx.doi.org/10.1149/1.2095729> (in English)

Honghong Yi, Qiongfeng Yu, Xiaolong Tang, Ping Ning, Liping Yang, Zhiqing Ye, and Jinghao Song, (2011) Phosphine Adsorption Removal from Yellow Phosphorus Tail Gas over CuO–ZnO–La₂O₃/Activated Carbon. *Industrial & Engineering Chemistry Research*. 50 (7). — P. 3960-3965 <https://pubs.acs.org/doi/10.1021/ie101622x> (in English)

Yang Liping, Yi Honghong, Tang Xiaolong, Ning Ping, Yu Qiongfeng, Ye Zhiqing. (2010) Effect of rare earth addition on Cu-Fe/AC adsorbents for phosphine adsorption from yellow phosphorous tail gas. *Journal of Rare Earths*. Volume 28, Supplement 1. — P. 322-325 [https://doi.org/10.1016/S1002-0721\(10\)60321-3](https://doi.org/10.1016/S1002-0721(10)60321-3). (in English)

Kompleksnye soedineniya v katalize [Complex compounds in catalysis]. (1980) Proceedings of the IOCE. Almaty: Science of the Kazakh SSR. — 144 p. (in Russian)

Musshoff F., Preuss J., Lignitz E., Madea B. (2008) A gas chromatographic analysis of phosphine in biological material in a case of suicide, *Forensic Science International*. — Volume 177. — Issues 2-3. — P 35-38 ISSN 0379-0738, <https://doi.org/10.1016/j.forsciint.2007.12.007> (in English)

Osadchenko M., Tomilov A.P. (1969) Phosphorus Hydrides. *Russian Chemical Reviews*, 38 (6). — P. 495-504 DOI: <https://doi.org/10.1070/RC1969v038n06ABEH001756> (in English)

Polimbetova G.S., Borangazieva A.K., Abdreimova R.R., Akbaeva D.N., Ibraimova Zh.U., Bugubaeva G.O. (2016) Kinetika i mekhanizm okisleniya fosfinakilorodom v rastvorah kompleksov medi (I,II) [Kinetics and mechanism of oxidation by phosphine oxygen in solutions of copper (I,II) complexes]. *News of the NAS RK. Series chemistry and technology*. 4(418). — P.42-47 (in Russian)

Patent for Utility Model No. 9354 dated 12.07.2024. Sposob elektrohimicheskogo okisleniya fosfina v kislyh rastvorah [Method for electrochemical oxidation of phosphine in acidic solutions]. Tukibaeva A.S., Baeshov A., Baeshova A.K., Isabayev N.N., Abzhalov R.S. *Bulletin No. 28* dated 12.07.2024 (in Russian)

Spravochnik po nailuchshim dostupnym tekhnikam proizvodstva neorganicheskikh himicheskikh veshchestv [Handbook of best available techniques for the production of inorganic chemicals]. (2021). — Astana. — 625 p. (in Russian)

Saad M. Alzahrani, Paul R. Ebert. (2024) Phosphine toxicology and mode of action. *Encyclopedia of Toxicology (Fourth Edition)*: Academic Press. — P. 597-604, ISBN 9780323854344 <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-824315-2.01068-X>. (in English)

Qu G., Zhang J., Lin Y., Li J., Ning P. and Yu Y. (2015) Electrochemical method for wet removal of phosphine. *Environ. Prog. Sustainable Energy*. 34. — P.1640-1646. <https://doi.org/10.1002/ep.12169> (in English)

Tukibayeva A., Bayeshov A., Abzhalov R., Asylbekova D.D., Yessentayeva A. (2023) The role of copper (II) ions in the process of anodic oxidation of phosphine in an acidic medium. *News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of chemistry and technology*, 3(456). — P. 175-186 <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1491.185> (in English)

Tukibayeva A., Bayeshov A., Asylbekova D., Aikozova L. and Yessentayeva A. (2024) Potentiodynamic Polarization Study of PH₃ Electrochemical Oxidation. *Electrochem. Sci. Adv.*, e202400025. <https://doi.org/10.1002/elsa.202400025> (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 20.06.2025.

Формат 60x88¹/₈. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

13,5 п.л. Заказ 2.